



ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БИЫТШІЛІКПЕН ЖАСАМПАЗДЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ 25 ЖЫЛ ӨРКЕДЕУ ДӘУІРІ ЖӘНЕ ҰЛ КӨШБАСШЫСЫ-Н.Ә.НАЗАРБАЕВ





Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрсұлтан Назарбаев 1940 жылы

6 шілдеде Алматы облысының Қарасай

ауданына қарасты Шамалған ауылында

қарапайым Әбішпен Әлжанның дүниеге келген.



Украиндағы Днепродзержинск
Днер металлургия комбинаты
жанындағы училищеде оку устинде

КӨШБАШЫЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК ЖЫЛДАР





ЦГА КФДЗ © voxpopuli.kz

**1973-1977 жылдары – Қарағанды
металлургия комбинатының партком
хатшысы.**



**1977-1979 жылдары – Қарағанды облыстық
партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы.**



**1979-1984 жылдары – Қазақстан КП Орталық
Комитетінің хатшысы.**



**1984-1989 жылдары – Қазақ КСР Министрлер
Кеңесінің төрағасы.**




1989-1991 жылдары – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы.



1991 - Алаш жұртының арманы болған азаттық таңы атқан жыл. 1 желтоқсанда Қазақстан Президентінің бүкілхалықтық сайлауы



1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,7 процент) жеңіске жетті.



© voxpopuli.kz

1991 жылдың сәуірі — ҚазССР президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Байқоңырға» барып, космосқа тұңғыш қазақ ғарышкерін ұшыру және ғарыш айлағын ҚазССР меншігіне беру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізеді. Дәл осы жылы 2 сәуірде Тоқтар Әубәкіров Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кіріседі.



1992 жылдың 21 сәуірі — Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа елде жаңа қалыптасып келе жатқан дипломатиялық корпустың өкілі, Түркияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Аргун Озпай алғашқы сенім грамотасын тапсырады.



Қазақстан теңгесі— Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 ж. 15 қарашадағы жарлығы бойынша айналысқа енгізілді.



© voxpopuli.kz

1993 жылдың 6 сәуірі — ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Шеврон» компаниясының басқарма төрағасы және басқарушы директоры Кеннет Т.Дерді қабылдап, «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы ұзақмерзімді (40 жыл) құжатқа қол қояды




**<<Үйіңізге бейбітшілік тілеймін>>
Нұрсұлтан Назарбаев және Иоанн Павел II**



1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.



**1996 жылдың 26 сәуірі — Шанхай қаласында
Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Қытай, Ресей
және Тәжікстан шекара аймағында әскери
салада сенімді бекіту туралы келісімге қол
қояды.**



1997 жылдың 22 сәуірі — әкімшілік-аумақтық құрылымды оңтайландыру мақсатында президент Жарлығымен Талдықорған және Торғай облыстары таратылады.



1999 жылдың 10 қаңтарында өткен баламалы сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78 процент дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.



**2005 жылдың 4 желтоқсанында
сайлаушылардың 91,5 процент дауысын алып,
Қазақстан Республикасының Президенті болып
қайта сайланды.**



2010 жылдың 14 маусымында «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 298-IV Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы күшіне енді.



2011 жылдың 3 сәуірі — Қазақстанда президент сайлауы өтті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 95,5% дауыс алды.

